

№19 ЖОМ базасы
А.Т. Бекбаева
«___» қыркүйек 2022 ж



«Бекітемін»
Павлодар қаласы білім
беру бөлімінің басшысы
А.К. Маликова
«___» қыркүйек 2022 ж



Республика күні мерекесіне орай «Жас ұлан» бағдарламасы бойынша әскери-спорт ойындары түрінен қалалық білім беру бөлімінің кубогі үшін қала мектептері арасында жарысты ұйымдастырып өткізу

ЕРЕЖЕСІ

I. Жарыстың мақсаты:

- Өскелең ұрпақты Қазақстандық патриотизмге тәрбелеу.
- Отан қорғаушы мамандығы танымдылығын арттыру.

II. Міндеті:

- Облыстық жарыстарға команда жабдықтау және дайындау.
- Жастарды әскери-патриотизмге тәрбиелеу.

III. «Жас ұлан» әскери-спорт ойындарын өткізу орны және мерзімі:

1. **Топтық іріктеу жарыстары 2022 жылдың 26-30 қыркүйек күндері аралығында ұйымдастырылып өткізіледі.** Әр топ іріктеу жарысын өткізу күнін және қай мектеп базасында өткізілетінін өзара келісіп анықтап белгілейді.

1- топ «Орталық» ЖОМ - 1, 2, 5, 34, 43, 27, 20

2- топ «Шығыс» ЖОМ - 14, 29, 19, 36, 41, 18, 12, ЖСОШ

3 – топ «Солтүстік» ЖОМ – 28, 16, 35, 30, 40, 33, 6

4 – топ «Батыс» ЖОМ – 7, 9, 22, 39, 13, 11, 42

5 – топ «Оңтүстік» ЖОМ – 4, 17, 24, 26, 37, 21, 25, КСОШ

2. «Жас ұлан» әскери-спорт ойындары жарысының финалы 2022 жылдың «06» қазанында №19 ЖОМ базасының спорт алаңында өткізіледі. Жарыстың басталуы: сағат «10.00»

Жарысты ұйымдастырып өткізу базалық мектептің АӘТД пәнінің мұғалімдеріне және төрешілер алқасы жарысқа қатысушы мектептердің АӘТД пәнінің мұғалімдері құрамына жүктеледі.

IV. Жарысқа қатысушылар:

Жарысқа 15-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары дәрігердің рұқсатымен және мектеп басшысының қолымен мақұлданған жалпы білім беретін мектептердің ер балалары тапсырыс беру арқылы қатыса алады. Команда құрамы – 4 ер бала.
Киім үлгісі – спорттық.

*Торғосқоб сарбаздарының
саяси жетекшісі* *Аманжол Рахымов*

Жарыс бағдарламасы

1. Саптық дайындық- команда құрамы түгел қатысады.

Саптық әдістерді орнында және қозғалыста орындау. Бөлімше бір қатарлы сапқа тұрады. **Берілетін командалар:** «Бөлімше ТҮЗЕЛ ТІК ТҰР!», «Курсант Алимов, Мен Саптан-ШЫҚ, Құп Болады!» «Сапқа-ТҰР» т.б.

Бөлімшені бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа тұрғызу: Бөлімше екі қатарға САПТАН!, Бөлімше, бір қатарға САПТАН!», «Оң-ҒА!», «Сол-ҒА!», «Артқа – БҰРЫЛ!», «Саптық адыммен -БАС!», «Артқа бұрыла-БАС!», «Оң-ҒА!», «Сол-ҒА!», «Орнында адым -БАС!», «ТОҚТА»). Команданы команда капитаны береді. **Команда тек Мемлекеттік тілде беріледі.**

2. Атыс дайындығы - команда құрамы түгел қатысады.

1) АК -74 автоматын жартылай бөлшектеу және жартылай бөлшектеуден кейін құрастыру нормативін орындау (1-ші бұзады, 2-ші жинайды, 3-ші бұзады, 4-ші жинайды).

Норматив - уақытқа орындалады.

3. Кермеге тартылу жаттығуын орындау - команда құрамы түгел қатысады.

Нәтижесі командалық есеппен анықталады.

4. Кросс – 1000 метрге жүгіру - команда құрамы түгел қатысады.

Нәтижесі командалық есеппен анықталады.

5. Арқан тарту - команда құрамы түгел қатысады.

Нәтижесі командалық есеппен анықталады.

V. Қорытындылау және марапаттау.

Жарыстың қорытындысы бойынша жюри мүшелері жеңіпаздарды анықтайды. Бас жүлде иегері ауыспалы «Кубок», грамотамен және жүлделі орынға ие болған командалар грамотамен марапатталады.

